



"Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы 2004 жылғы есепті бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 15 шілдедегі N 731 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы 2004 жылғы есепті бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**Қазақстан Республикасы Президентінің
ЖАРЛЫҒЫ Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы
мен пайдаланылуы туралы 2004 жылғы есепті бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 130-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы 2004 жылғы есеп бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі 2005 жылғы 1 тамызға дейін Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы 2004 жылғы есеп пен сыртқы аудитті жүргізу нәтижелері туралы ақпараттың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы

N Ж а р л ы ғ ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы
мен пайдаланылуы туралы 2004 жылғы есеп Мазмұны**

1-бөлім Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері
және оны пайдалану туралы 2004 жылғы есеп

2-бөлім Қазақстан Республикасы Ұлттық қорын сенімгерлік басқару жөніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі туралы 2004 жылғы есеп

3-бөлім Қазақстан Республикасы Ұлттық қорын басқару жөніндегі 2004 жылғы өзге де деректер

1-бөлім. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері және оны пайдалану туралы 2004 жылғы есеп

мың теңге

р / с N	Атауы	Сомасы
1	Қордың есепті кезеңнің басындағы қаражаты барлығы:	528 233 521*
2	Түсімдер, барлығы:	139 312 971
	оның ішінде:	
	заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы үстеме пайдаға салынатын салық бонустар роялтилер жасалған келісім-шарттар бойынша өнімді бөлу жөніндегі Қазақстан Республикасының үлесі ресми трансферттер	104 360 247 -
	Қорды басқарудан алынатын инвестициялық кірістер Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де түсімдер мен кірістер мемлекеттің ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін жеке меншікке сатуынан түсетін қаражат	13 527 000 2 905 678 9 309 670 (-) 13 526 459 21 321 075
		1 415 760
3	Пайдаланылуы, барлығы:	524 247
	оның ішінде:	
	Қорды басқаруға және жыл сайынғы сыртқы аудитті жүргізуге байланысты шығыстарды жабу	524 247
4	Қордың есепті кезеңнің аяғындағы қаражаты, барлығы:	667 022 245**

* 315 682 мың теңге мөлшеріндегі есептелген және мерзімі ұзартылған шығыстардың сомасын ескере отырып

** 480 894 мың теңге мөлшеріндегі есептелген және мерзімі ұзартылған шығыстардың сомасын ескере отырып

**2-бөлім. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорын
сенімгерлік басқару жөніндегі Қазақстан
Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі туралы есеп**

1-нысан

**Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін
сенімгерлік басқару жөніндегі Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің балансы**

мың теңге

	2004 жыл	2003 жыл
Активтер		
Ақша және оның баламалары	24 927 708	26 265 200
Сауда бағалы қағаздары	654 915 582	520 234 429
Туынды қаржы құралдары	1 810 557	1 966 678
Дебиторлық берешек	111 505	1 694 617
	681 765 352	550 160 924
Міндеттемелер		
Туынды қаржы құралдары	6 098 200	7 859 114
Кредиторлық берешек және есептелген шығыстар	9 126 228	14 384 398
	15 224 428	22 243 512
Таза активтер		
Таза активтер мыналардан тұрады:	666 540 924	527 917 412
Үкіметтің шоты	666 540 924	527 917 412

2-нысан

**Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін
сенімгерлік басқару жөніндегі Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің кірістері мен шығыстары туралы есеп**

мың теңге

	2004 жылғы	2003 жылғы
Кірістер		
Сыйақы бойынша кірістер	13 903 145	9 482 288
Дивидендтер бойынша кірістер	2 481 520	1 071 767
Сауда бағалы қағаздары бойынша дилингтік кірістер	33 420 409	483 556
Туынды қаржы құралдары бойынша түскен таза жұмсалған кірістер (шығындар)	(13 070 650)	(14 854 731)
Шетел валюталарын қайта бағалаудан түсетін таза жұмсалған кірістер (шығындар)	(135 432)	7 049 611

Сауда бағалы қағаздардан өткізілмеген кірістер (шығындар)	5 929 624	30 061 845
Өлшем валютасынан ұсыну валютасына қайта есептеу кезінде туындайтын бағам айырмашылығының шығыны	-	(29 250 689)
	42 528 616	4 043 647
Ш ы ғ ы с т а р		
Активтерді басқарғаны үшін комиссия	556 808	476 094
Кастодиан қызметтерін төлеу шығыстары	101 418	70 335
Кәсіби қызметтерді төлеу жөніндегі шығыстар	12 595	11 455
Бағдарламалық өнімдерді және ақпараттық деректер базасын пайдаланғаны үшін ақы төлеу бойынша шығыстар	18 638	20 117
	689 459	578 001
Таза кіріс	41 839 157	3 465 646

3-нысан

**Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін
сенімгерлік басқару жөніндегі Қазақстан
Республикасы Ұлттық Банкінің ақша қозғалысы
туралы есептер**

МЫҢ ТЕҢГЕ

	2004 жылғы	2003 жылғы
Операциялық қызметтен түскен ақша қозғалысы		
Таза кіріс	41 839 157	3 465 646
Түзетулер:		
сауда бағалы қағаздарынан түскен	(5 929 624)	(30 061 845)
өткізілмеген кіріс		
өлшем валютасынан есеп беру валютасына қайта есептеу кезінде туындайтын бағам айырмашылығынан болған шығын	-	29 250 689
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен түскен ақша қозғалысы	35 909 533	2 654 490
Операциялық активтердегі азаю (ұлғаю):		
сауда бағалы қағаздары;	(184 806 604)	(221 817 336)
туынды қаржы құралдары;	156 121	(1 030 562)
дебиторлық берешек	1 583 112	2 447 079
Операциялық міндеттемелердегі ұлғаю (азаю):		
туынды қаржы құралдары	(1 760 914)	3 084 174
кредиторлық берешек және есептелген шығыстар	(5 258 170)	13 246 738
Операциялық қызметтегі ақшаның таза пайдаланылуы	(154 176 922)	(201 415 417)

Қаржы қызметінен түскен ақша қозғалысы		
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінен түскен түсімдер	<u>152 839 430</u>	<u>225 507 652</u>
Ақша мен оның баламаларындағы таза ұлғаю (азаю)	(1 337 492)	24 092 235
Жылдың басындағы ақша мен оның баламалары	<u>26 265 200</u>	<u>2 172 965</u>
Жылдың соңындағы ақша мен оның баламалары	<u>24 927 708</u>	<u>26 265 200</u>

4-нысан

**Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін
сенімгерлік басқару жөніндегі Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің таза активтеріндегі
өзгерістер туралы есептер**

мың теңге

	Сомасы
2003 жылғы 1 қаңтардағы сальдо	298 944 114
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінен түскен түсімдер	225 507 652
Таза кірістер	3 465 646
2003 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо	527 917 412*
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінен түскен түсімдер	152 839 430
Кезең басындағы таза активтер сомасына айырбас бағамдарындағы өзгерістер әсері	(52 052 320)
Валютаны қайта бағалаудан болған айырмашылықтар	(4 002 755)
Таза кірістер	41 839 157
2004 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо	666 540 924**

* 315 682 мың теңге мөлшеріндегі 2003 жылғы есептелген және мерзімі ұзартылған шығыстардың сомасын ескерусіз

** 480 894 мың теңге мөлшеріндегі 2004 жылғы есептелген және мерзімі ұзартылған шығыстардың сомасын ескерусіз

Ескерту: 2004 жылдың басындағы және соңындағы сальдо сенімгерлік басқару бойынша операциялық шығыстар болып табылатын және Ұлттық қорға өтелуі тиіс 427 мың теңге мөлшеріндегі сома есепке алынбай көрсетілген.

2004 жылғы инвестициялық қызметтен түскен табыс 42 528 616 мың теңгені немесе 313 млн.долларын құрады (табыстылығы - 7,61 %). Бұл ретте бағандық қайта бағалау (-)56 055 075 мың теңгені құрады (52 052 320 мың теңге + 4 002 755 мың теңге). Осылайша, табыс сомасы бағамдық қайта бағалауды есепке ала отырып (-)13 526 459 мың теңгені құрады.

3-бөлім. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорын басқару жөніндегі өзге де деректер

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылу көздері

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының (бұдан әрі - Қор) қаражаты 2004 жылғы 1 қаңтарға 528233521 мың теңгені құрады.

Қорға түскен түсімдердің едәуір үлесі 2004 жылы сомасы 120792925 мың теңгені құраған шикізат секторы ұйымдарынан (Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тізбе бойынша заңды тұлғалардан) бюджетке түсетін жоспардан тыс түсімдердің есебінен қалыптасты. Бұдан басқа, 2004 жылы Қордың шотына 21321075 мың теңге (оның ішінде республикалық меншіктегі және экономиканың тау-кен өндіру және өңдеу салаларына жататын мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түскен қаражат - 1513575 мың теңге және "Аджип Қарашығанақ Б.В.", "БР Интернэшнл Лимитед", "Тексако Интернэшнл Петролаум Компании" компаниялары, "ЛУЖойл" мұнай компаниясы" ашық акционерлік қоғамы, "Қазақойл" ұлттық мұнайгаз компаниясы жабық үлгідегі акционерлік қоғамы мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында жасалған 1997 жылғы 18 қарашадағы Қарашығанақ мұнайгазконденсаты кен орынының мердігер учаскесінің өнімін бөлу туралы келісім бойынша төлем - 19807500 мың теңге), мемлекеттің ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін жеке меншікке сатуынан түскен қаражат - 1415760 мың теңге және республикалық бюджеттен берілген ресми трансферттер - 9309670 мың теңге сомасында өзге де түсімдер есептелді.

"Жоспардан тыс салықтық және бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдері Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына есепке алынатын шикізат секторы ұйымдарының тізбелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 наурыздағы N 369А қаулысына "Қазмырыш" ААҚ, "Қазақмыс" ААҚ, "Харикейн Құмкөл Мұнай" ААҚ, "ТорғайПетролеум" ЖАҚ, "Қазақстан Лимитед БК" мен "Статойл Қазақстан А.С." компаниялары, "Дөң кен байыту комбинаты" ААҚ, "Ембімұнайгаз" ААҚ, "Өзенмұнайгаз" ААҚ тізбеден шығару және "ҚазМұнайГаз", Барлау Өндіру" АҚ-ын тізбеге енгізу бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қордың шотына шетел валютасында есептелген түсетін теңгені АҚШ долларына айырбастауды кезең-кезеңмен жүргізіп отырды.

Басқарудың қол жеткізілген қаржылық нәтижелері мен сапасын ескере отырып, сенімгерлік басқару үшін қызметтерге ақы төлеудің өзгеруіне байланысты "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқарудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 шілдедегі N 792 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы қосымша келісімге қол қойылды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының орта мерзімді тұжырымдамасының жобасы әзірленді, онда тұжырымдаманы іске асырудың нақты мерзімі белгіленді, мұнай секторына айқын анықтама берілді, ұйымдастыру нысаны - заңды тұлға немесе шот белгіленді, Қорды пайдаланудың мақсаты мен бағыты көрсетілді, қор жинау шегі (немесе оның болмауы) және активтерді таратудың мүмкіндікті салдары көрсетіледі, айқындылығы атап көрсетілді, борышқа қызмет көрсету және қарыз алу саясаты анықталды, Қордан трансфертке даму бюджетінің неғұрлым нақты байланысы және теңдестірілген бюджет әдісінің сипаты белгіленді.

Ұлттық қордың мақсаттары мен міндеттерін халық арасында түсіндіру жөнінде жүйелі түрде жұмыс жүргізу шеңберінде "Панорама" газетіне "Ұлттық қор экономиканы дамытуға оң фактор ретінде" атты тақырыпта мақала жіберілді, "Казахстанская правда" газетінде "Ұлттық қор: жинайды немесе рәсуа етеді..." атты материал жарияланды, "Қазақстан 1" арнасында "Мезгіл" ақпараттық-талдамалы бағдарламада "Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорының қызметі" атты тақырыпта әңгіме жүргізілді. Бұдан басқа, Қордың қызметі туралы қажетті ақпарат, Қордың қызметін реттейтін есептер, нормативтік құқықтық актілер Қаржы министрлігінің web-сайтына (www.minfin.kz) орналастырылды.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 25-бабымен анықталған тәртіппен "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару кеңесінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 28 желтоқсандағы N 1509 Жарлығымен Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңестің құрамы мен ол туралы ереже бекітілді.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 953 қаулысымен бекітілген конкурстарды өткізудің тәртібі мен мерзімін нақтылау бөлімінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жыл сайынғы сыртқы аудитін жүргізу үшін тәуелсіз аудиторын сайлау ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

1-бөлімдегі кесте туындаған бағамдық айырма ескерілетін инвестициялық табысты алып тастағанда қаржы қаражатының нақты қозғалысының деректері бойынша құрылған.

Шикізат секторы ұйымдарынан мемлекеттік бюджетке түсетін түсімдер және Қорға 2004 жылғы түсетін аударымдар
(мың теңге)

Атауы	2004 жылғы жоспар	Кассалық атқару		
		Барлығы	оның ішінде	
	Бюджет-к е		Ұлттық қорға	

			есептел- гені	аударыл- ғаны
Қ а з а қ с т а н Республикасының Үкіметі белгілейтін тізбе бойынша шикізат секторы ұ й ы м д а р ы - з а н д ы т ұ л ғ а л а р д а н а л ы н а т ы н к о р п о р а - т и в т і к т а б ы с с а л ы ғ ы	53 283 956	156 920 336	53 283 956	103 636 380
Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тізбе бойынша шикізат секторының ұйымдары резидент заңды тұлғалардан алатын, төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы	383 000	1 106 867	383 000	723 867
Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тізбе бойынша шикізат секторының ұйымдары резидент емес заңды тұлғалардан алатын, төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы	18 759 000	5 150 428	5 150 428	0
Қазақстан Республикасының Үкіметі белгі- лейтін тізбе бойынша шикізат секторының ұйымдарынан өндірілген тауарларға, көрсетілген қызметтерге қосылған құн салығы	0	0	0	0
Шикізат секторы ұйымдарынан (Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тізбе бойынша заңды тұлғалардан) алынатын бонустар	0	0	0	0
Шикізат секторы ұйымдарынан (Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тізбе бойынша заңды тұлғалардан) алынатын роялтилер	12 900 906	26 427 906	12 900 906	13 527 000
Жасалған келісім - шарттар бойынша шикізат секторы ұйымдарынан (Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тізбе бойынша заңды тұлғалардан) алынатын өнімдерді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі	7 769 824	10 675 502	7 769 824	2 905 678
Мемлекеттік бюджет бойынша жиыны	93 096 686	200 281 039	79 488 114	120 792 925

"2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен шикізат секторы ұйымдарынан алынатын салық және республикалық бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің жылдық көлемі 93096686 мың теңге сомасында бекітілді. 2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша шикізат секторы ұйымдарынан іс жүзінде 200281039 мың теңге түсті, оның ішінде қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес республикалық бюджетке - 79488114 мың теңге есепке алынды.

Нәтижесінде шикізат секторы ұйымдарынан Қорға түсетін жоспардан тыс түсімдердің сомасы 120792925 мың теңгені құрады.

Қордың ақшалай қаражаты 2005 жылғы 1 қаңтарға 667022245 мың теңгені құрады.

Салықтардың түрлері бойынша Қорға түсетін қаражаттың жоспардан тыс түсімдерінің құрылымы тұтастай алғанда 2004 жыл үшін мынадай көрсеткіштермен сипатталады:

Салық төлемдерінің түрлері	Сомасы (мың теңге)	Жалпы көлемдегі үлес (%)
Заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы	103 636 380	85,80
Резидент заңды тұлғалардан алынатын, төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы	723 867	0,60
Резидент емес заңды тұлғалардан алынатын, төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы	0	0
<i>Заңды тұлғалардан алынатын табыс салығының барлығы</i>	<i>104 360 247</i>	<i>86,40</i>
Қосылған құн салығы	0	0
Бонустар	0	0
Роялтилер	13 527 000	11,20
Шикізат секторы ұйымдарынан алынатын өнімдерді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі	2 905 678	2,40
БАРЛЫҒЫ	120 792 925	100,0

Шикізат секторы ұйымдарынан Қорға түсетін жоспардан тыс түсімдерде негізгі бөлікті - 85,80 %-ын заңды тұлғалардан алынатын, төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы, одан кейін үлесі түсімдердің жалпы сомасының 11,20 %-ын құрайтын роялтилер құрайды. Өнімдерді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі түсімдердің жалпы сомасында 2,40 % және сомасы 723867 мың теңге немесе түсімдердің жалпы сомасынан 60 % резидент заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығын құрады.

2. Қордың шығыстары

Қордың есебінен есепті кезеңде жалпы сомасы 524247 мың теңге Қорды басқаруға байланысты мынадай шығыстар жүргізілді:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 18 мамырдағы N 655 қаулысымен мақұлданған Сенімгерлік басқару туралы шартқа сәйкес Қорды басқарғаны үшін сыйақы түрінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне 136326 мың теңге аударылды;

кастодианның қызмет көрсетулері үшін 60393 мың теңге аударылды;
сыртқы басқарушыларға 297731 мың теңге комиссиялық сыйақы ретінде аударылды;

;

сыртқы аудиттің 2003 жылғы қызмет көрсетулері үшін 11159 мың теңге аударылды;

"Barra International, Ltd" компаниясының ақпараттық қызметтері үшін 8702 мың теңге аударылды;

"Morgan Stanley Capital International" компаниясының ақпараттық қызметтері үшін 2034 мың теңге төленді;

"The Yield Book Inc" компаниясы көрсеткен қызметтер үшін 7902 мың теңге аударылды

2004 жылғы төртінші тоқсанда жалпы сомасы 480894 мың теңге мынадай шығыстар төлеуге есептелді:

Қорды сенімгерлік басқарғаны үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне комиссиялық сыйақы - 26206 мың теңге;

кастодианның қызмет көрсетулеріне - 57662 мың теңге;

сыртқы басқарушыларға қызмет көрсетулеріне - 384431 мың теңге;

Қордың 2004 жылғы қызметінің аудит қызмет көрсетулеріне - 12595 мың теңге.